

**ШЖҚ КМК «АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУХАНАСЫНЫҢ 2025
ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ**


АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

АҚПАН 2026 ЖЫЛ

Аурухананың құрылымдық бөлімшелері.



Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының 30.09.2025 жылғы «Денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын қайта оңтайландыру» туралы №385 бұйрығы негізінде, ШЖҚ КМК «Атырау облыстық инфекциялық ауруханасының» құрылымдық бөлімшелері – 240 кереуеттік етіп бекітілген. Эпидемиологиялық маусымға орай Денсаулық сақтау басқармасының 28.11.2025 жылғы №449 бұйрығына сәйкес Модульді аурухананың Д блогынан қосымша 40 кереует қосылды.



■ ЖРВИ бөлімі ■ ЖИИ бөлімі
■ Модульді аурухана ■ Пульмонология

- Жедел респираторлы вирусты инфекция бөлімшесі (балалар бейіні)
- Жедел респираторлы вирусты инфекция бөлімшесі (ересектер бейіні)
- Жіті ішек инфекциялар бөлімшесі (балалар бейіні)
- Жіті ішек инфекциялар бөлімшесі (ересектер бейіні)
- Ересектер пульмонологиялық бейіні
- Балалар жансақтау бөлімі
- Ересектер жансақтау бөлімі
- Қабылдау бөлімі
- Кеңес беру диагностикалау бөлімі
- Клиникалық зертхана
- Бактерио-серологиялық зертхана
- Госпитальді фармация бөлімі.
- Күндізгі стационар
- Резервтік 40 кереует Модульді аурухана

№	Бөлімше атауы	Кереует саны
1	Жедел респираторлы вирусты инфекция бөлімшесі	171 кереует
2	Жіті ішек инфекциялар бөлімшесі	67 кереует
3	Пульмонологиялық бөлімше	2 кереует
4	Модульді аурухана Д блок	40 кереует
5	Қабылдау бөлімі	Ересектер және балалар бөлімі
6	Балалар жансақтау бөлімі	Инфекциялық бөлімнен 7 кереует
7	Ересектер жансақтау бөлімі	Инфекциялық бөлімнен 5 кереует
8	Кеңес беру диагностикалық бөлімі	УДЗ, Рентген, КТ, дәрігерлер кеңесі
9	Клиникалық зертхана	Клиникалық, биохимиялық
10	Бактерио-серологиялық зертхана	Ифа, бактерио сериологиялық
11	Госпитальді фармация бөлімі	Орталықтандырылған емшара
12	Күндізгі стационар	10 күндізгі кереует

Аурухананың мамандармен қамтамасыз етілуі.

Аурухана бойынша қызметкерлер

Дәрігерлер 47		Мейірбикелер 137
Кіші буын қызметкерлері 52		Әкімшілік, шаруашылық қызметкерлері 52

Мамандармен қамтылу 95%

Ауруханада 47 дәрігер, 1 провизор маман бар, оның 8 дәрігері декреттік демалыста. Дәрігерлердің арасында 1 медицина ғылымдарының кандидаты бар.

Кадрлармен қамтамасыз ету 2025 жылы 95% (2024 ж. – 96%), дәрігерлер – 96% (96%), медбикелер – 99% (100%), кіші медицина қызметкерлері – 98% (95%) құрады. Кадрлардың салыстырмалы тапшылығы міндетін қоса атқарушы мамандармен толықтырылды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 3 дәрігер-инфекционист, 2 дәрігер-реаниматолог дәрігерлерінің орны бос.

2025 жылы 2 дәрігер – инфекционист, 2 дәрігер анестезиолог-реаниматолог қызметке қабылданды. Оның ішінде 2 дәрігер қызметтік пәтермен, 2 дәрігер жергілікті бюджет әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етілген. Атырау облысында медицина саласының мамандары үшін тұрғын үй алуға арналған жеңілдетілген несие бағдарламасына аурухана бойынша 4 дәрігер қатысып, оның ішінде 3 дәрігерге қолжетімді баспана алуына мүмкіндік берілді.









2025 жылы «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына сәйкес медицина қызметкерлері біліктілік санаттарын растады және тағайындалды.

Нақтырақ айтқанда, 2025 жылы 3 дәрігер екінші біліктілік санатын алды, 3 дәрігер жоғары біліктілік санатын растады. Дәрігерлер арасында біліктілік санаты бар маман үлесі 30% құрады.

Ал орта буын медицина қызметкерлерінен 27-сі жоғары, 1-еуі 1 біліктілігі санатын растады. Сонымен қоса, 3 қызметкерге **жоғары**, 3 қызметкерге **бірінші**, 14 қызметкерге **екінші** біліктілік санаты тағайындалды. Орта буын қызметкерлері арасында біліктілік санаты бар маман үлесі 49% құрады.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру жоспарға сәйкес жүргізілді.

Кереует қорының пайдаланылуын талдау.



№	Бөлімшелер	Кереует саны	Емделіп шықты	Кереует күні	НОБҰ	Кереует жұмысы	Кереует айналымы	Өлім жағдайы	Өлім көрсеткіші
1	Балалар инфекциясы	226	9 553	52 027	5,4	230	42,3	10	0,10%
2	Ересектер инфекциясы	52	3 219	17 473	5,4	336	61,9	18	0,56%
3	Пульмонология	2	574	5987	10,4	2994	287,0	22	3,83
4	Кардиология	0	8	72	9,0	0	0	0	0
5	Эндокринология	0	8	71	8,9	0	0	0	0
6	Жалпы саны	280	13 362	75 630	5,7	270	47,7	50	0,37

Қабылдау бөлімінің жүктемесі

2024 жыл

2025 жыл



Медициналық
көмекке
жүгінгендер
33 856



Ауруханаға
жатқызылғаны
13 413



Медициналық
көмекке
жүгінгендер
39 613



Ауруханаға
жатқызылғаны
13 157



Үйге
қайтарылғаны
20 443




Госпитализация
пайыздық үлесі.
39,62%





Үйге
қайтарылғаны
26 456



Госпитализация
пайыздық үлесі.
33,2%



Қабылдау бөлімінің жүктемесі



Науқастар жүгінуі бойынша бастапқы 10 емхана



2025 жылы ауруханаға 39613 науқас жүгініп, алдыңғы жылға қарағанда 5755 науқасқа артық жүгінген. Ауруханаға жатқызылған науқас саны-13157. 2025 жылы өздігінен медициналық көмекке жүгінгендер саны – 24072 науқасты құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш – 16461 науқасты құраған. Яғни, алдыңғы жылмен салыстырғанда 7611 науқасқа көп. Науқастардың ауырлық дәрежесіне дұрыс баға бермеу мәселесі биылғы жылы да көрінді. Атап айтқанда, жедел жәрдем бригадасы тасымалдаған 11684 науқастың тек 6282-сі ғана жатқызылса (53,8%), емхана жолдамасымен келген 1591 науқастың 870-і ғана жатқызылған (54,7%). Емхана жолдамасымен келген науқастар алдыңғы жылы – 3716 науқасты құраса, биылғы жылы 2404 науқасты құрап, 1312 науқасқа азайып отыр. **Бұл көрсеткіштерден – жедел жәрдем бригадасы тасымалдаған және учаскелік дәрігер жолдаған 2 науқастың 1-еуі негізсіз жолданғанын байқауға болады.**

Кеңес беру диагностикалық бөлімі



Компьютерлік томография кабинеті. 2025 жылы компьютерлік томография кабинетінде – 556 диагностикалық қызмет көрсетілді. 2024 жылы – 2301 зерттеу жүргізілген. Алдыңғы жылға қарағанда 1745 науқасқа азайған.



Рентгенологиялық кабинет. 2025 жылы рентген кабинеті – **14128 рентгенологиялық** зерттеу жүргізілген. 2024 жылы – **14683** зерттеу жүргізілген. Алдыңғы жылға қарағанда 555 науқасқа азайған.



Спирография кабинеті. 2025 жылы спирография кабинетінде - 1037 **диагностикалық** зерттеу жүргізілген. 2024 жылы – 1052 зерттеу жүргізілген. Алдыңғы жылға қарағанда 15 науқасқа азайған.




Ультрадыбыстық зерттеу кабинеті. 2025 жылы УДЗ кабинетінде - **2530 диагностикалық** зерттеу жүргізілген. 2024 жылы – 2673 зерттеу жүргізілген. Алдыңғы жылға қарағанда 143 науқасқа азайған.


2025 жылы АПП арқылы жоспарлы – **3277 науқас** қабылданды. (2024 жылы – 3319 науқас)

Аурухананың КДО бөлімшесінде Республикалық деңгейдегі мамандардан кеңес алу мақсатында желісі арқылы – **108 бейінді мамандар кеңесі** алынған.


Инфекционист
1899 кеңес (2024 жылы – 1966 кеңес)





Пульмонолог
33 кеңес (2024 жылы – 445 кеңес)



Эндокринолог
1249 кеңес (2024 жылы – 555 кеңес)



Кардиолог
96 кеңес (2024 жылы – 353 кеңес)



Клиникалық зертхана бойынша.



Биохимия зерттеуі

2024 жыл	2025 жыл
127 770	139 905



Гематология зерттеуі

2024 жыл	2025 жыл
33 235	45 689



Жалпы клиника зерттеуі

2024 жыл	2025 жыл
28 343	32 405



КЩС зерттеуі

2024 жыл	2025 жыл
9 054	8 495



Коагулограмма зерттеуі

2024 жыл	2025 жыл
9 858	7 954



Жалпы зерттеулер

2024 жыл	2025 жыл
208 260	217 999

Бактерио-серологиялық зертхана бойынша.

2024 жылы – 231 861 зерттеу жүргізілсе (оның ішінде АПП – 22 101, стационарлар – 209 760) 2025 жылы – 239 721 зерттеу жүргізілген. (оның ішінде АПП – 696 101, стационарлар – 226 520)



Бактериологиялық зерттеулер

2024 жыл	2025 жыл
217 011	214 089



Емханалар бойынша

2024 жыл	2025 жыл
21 285	10 653



Стационарлар бойынша

2024 жыл	2024 жыл
195 726	203 436



Серологиялық зерттеулер

2024 жыл	2025 жыл
14 850	25 632



Емханалар бойынша

2024 жыл	2025 жыл
816	2548




Стационарлар бойынша

2024 жыл	2025 жыл
14 034	23 084

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫ ВИРУСТЫ ИНФЕКЦИЯЛАР БӨЛІМІ

2024 жыл




8158

Науқас өтті

Бөлімшеден 8594 науқас өтіп,
8571 науқас емделіп шықты.
Летальді жағдай – 23.


2025 жыл



8594

Науқас өтті

ШЖҚ КМК «Атырау облыстық
инфекциялық ауруханасы»



2025 жылы бөлімшеден – 8594 науқас емделіп шықты. Оның ішінде балалар – 6182 науқас. (2024 жылы – 8158 науқас емделді.) Жалпы - 48031 кереует күн өткізілді. Науқастардың орташа болу ұзақтығы – 5,6 күн. Келу жолдары: емхана жолдамасы арқылы – 661, жедел-жәрдем – 3997, өздігінен келгендер – 3470, басқалары – 466.



Оның ішінде 1 жасқа дейінгі бала - 1885, 1-14 жас аралығындағы балалар – 4297, 15-17 жастағы жасөспірімдер – 142, 18-59 жастағы ересектер - 2183, 60-69 жастағы ересектер – 52, 70 жастан асқан – 35. Емделген жүкті әйелдер – 1325.



Қайтыс болғаны – 23 науқас, (2024 жылы – 19 науқас). Оның ішінде 1 жасқа дейінгі -3 (летальдік көрсеткіш – 0,2%), 1-14 жас – 3 (летальдік көрсеткіш – 0,07%), 15-17 жас – 2 (летальдік көрсеткіш – 1,4%), 18-59 жас – 7 (летальдік көрсеткіш – 0,3%), 60-69 жас – 5 (летальдік көрсеткіш – 9,6%), 70 жастан асқан - 3 науқас (летальдік көрсеткіш – 8,6%).



Жансақтау бөлімшесі арқылы – 196 науқас өткен.


Диаграммада 2025 жылы емделіп шыққан науқастардың жас ерекшеліктері бойынша бөлінген. Науқастар саны және пайыздық көрсеткіші

Былтырғы жылмен салыстырғанда бөлімшеден – 436 науқас көп емделген, өсім – 5,3% құрайды. Сонымен қатар, биылғы жылы жедел респираторлы вирусты инфекциялармен стационарлық емде болған науқастардың орташа болу ұзақтығы – 5,6 күнді құрап отыр. Былтыр бұл көрсеткіш – 6,2 күн болды.

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАР БӨЛІМІ

2024 жыл

2025 жыл




5 096

Науқас өтті


Бөлімшеден 4189 науқас өтіп,
4184 науқас емделіп шықты.
Летальді жағдай – 5.

4 189

Науқас өтті



ШЖҚ КМК «Атырау облыстық
инфекциялық ауруханасы»



2025 жылы бөлімшеден – 4189 науқас емделіп шықты. Оның ішінде балалар – 3242 науқас. (2023 жылы – 5089 науқас емделді.) Жалпы - 21528 кереует күн өткізілді. Науқастардың орташа болу ұзақтығы – 5,1 күн. Келу жолдары: емхана жолдамасы арқылы – 174, жедел-жәрдем – 2075, өздігінен келгендер – 1691, басқалары – 249.



Оның ішінде 1 жасқа дейінгі бала - 708, 1-14 жас аралығындағы балалар – 2534, 15-17 жастағы жасөспірімдер – 79, 18-59 жастағы ересектер - 753, 60-69 жастағы ересектер – 74, 70 жастан асқан – 41



Қайтыс болғаны – 5 науқас. (2024 жылы – 7 науқас) Оның ішінде 1 жасқа дейінгі -1 (летальдік көрсеткіш – 0,14%), 1-14 жас – 1 (летальдік көрсеткіш – 0,04%), 15-17 жас – 0 (летальдік көрсеткіш – 0%), 18-59 жас – 1 (летальдік көрсеткіш – 0,13%), 60-69 жас – 1 (летальдік көрсеткіш – 1,4%), 70 жастан асқан - 1 науқас (летальдік көрсеткіш – 2,4%).



Жансақтау бөлімшесі арқылы – 94 науқас өткен.

Диаграммада 2025 жылы емделіп шыққан науқастардың жас ерекшеліктері бойынша бөлінген. Науқастар саны және пайыздық көрсеткіші

Жіті ішек инфекция бөлімшесі арқылы 2024-2025 жылдары «қызылша» инфекциясы өтті. 2024 жылы қызылша инфекциясымен – 1462 науқас стационарлық ем қабылдап шықса, 2025 жылы – 405 науқас стационарлық емде болды. 2025 жылы қызылша инфекциясының күрделенуі желтоқсан айынан бастап тіркелді.

ЖАЛПЫ ТЕРАПИЯ ЖӘНЕ КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАР БӨЛІМІ

2024 жыл




236

Науқас өтті

Бөлімшеден 16 науқас емделіп шықты. Летальді жағдай – 0.


2025 жыл



16

Науқас өтті

ШЖҚ КМК «Атырау облыстық инфекциялық ауруханасы» жалпы терапия бөлімшеі бойынша.



2025 жылы бөлімшеден – 16 науқас емделіп шықты. Оның ішінде балалар – жоқ. (2023 жылы – 236 науқас емделді.) Жалпы - 143 кереует күн өткізілді.

Науқастардың орташа болу ұзақтығы – 8,9 күн. Келу жолдары: емхана жолдамасы арқылы – 7 науқас, басқалары – 9 науқас. Жас ерекшеліктері бойынша 18-59 жастағы ересектер - 5, 60-69 жастағы ересектер –7, 70 жастан асқан – 4. Қайтыс болғандар жоқ.



Ересектерге арналған кардиологиялық бейінде жалпы саны – 5 кереует болды, бөлімшеде - 8 науқас емделіп шықты, 72 кереует күн. Науқастардың орташа болу ұзақтығы 9 күн.



Ересектерге арналған эндокринологиялық бейінде – 5 кереует болды, бөлімшеде – 8 науқас емделіп шықты, 71 кереует күн. Науқастардың орташа болу ұзақтығы 8,7 күн



Күндізгі стационар бөлімшесінде – 10 кереует бар, бөлімшеден 217 науқас емделіп шықты, өткізілген кереует күні – 1740 күн.


Диаграммада 2025 жылы емделіп шыққан науқастардың жас ерекшеліктері бойынша бөлінген. Науқастар саны және пайыздық көрсеткіші

Биылғы жылы жалпы терапия бөлімшесінен 16 науқас өткен. Бұған негізгі себеп, жедел респираторлы вирусты инфекциялардың эпидемиологиялық ахуалы жоғарылаған кезде жоспарлы науқастарды қабылдау тоқтатылып, терапия бөлімшесінің кереуеттері инфекциялық бейін етіп қайта оңтайландырылды. Одан кейін, аурухана толық инфекциялық бейінге ауысқаннан кейін, терапия бөлімшесі жабылды.

ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ПУЛЬМОНОЛОГИЯ БӨЛІМІ

2023 жыл

2024 жыл




965

Науқас өтті

Бөлімшеден 965 науқас өтіп,
901 науқас емделіп шықты.
Летальді жағдай – 64.


576

Науқас өтті



*ШЖҚ КМК «Атырау облыстық
инфекциялық ауруханасы»
пульмонология бөлімшеі бойынша.*

70
жастан;
122; 21%



18-59
жас;
315;

60-69 жас;
139; 24%



2025 жылы пульмонология бөлімшесінен – 576 науқас емделіп шықты. Оның ішінде балалар – жоқ. (2023 жылы – 965 науқас емделді.) Жалпы - 6006 кереует күн өткізілді. Науқастардың орташа болу ұзақтығы – 10,4 күн. Келу жолдары: емхана жолдамасы арқылы – 71, жедел-жәрдеммен – 310, өздігінен келгендер – 136, басқалары – 59. Жас ерекшеліктері бойынша 18-59 жастағы ересектер -315, 60-69 жастағы ересектер –139, 70 жастан асқан – 122.



Науқастардың жас ерекшеліктері бойынша 18-59 жастағы ересектер -315, 60-69 жастағы ересектер –139, 70 жастан асқан – 122.



Пульмонология бөлімшесінен қайтыс болғаны – 22 науқас (2023 жылы-64 науқас), оның ішінде 18-59 жас – 5 (летальдік көрсеткіш – 1,9%), 60-69 жас – 9 (летальдік көрсеткіш – 1,6%), 70 жастан асқан - 8 науқас (летальдік көрсеткіш – 2,1%).



Жансақтау бөлімшесі арқылы – 94 науқас өткен.

Диаграммада 2025 жылы емделіп шыққан науқастардың жас ерекшеліктері бойынша бөлінген. Науқастар саны және пайыздық көрсеткіші

Былтырғы жылмен салыстырғанда пульмонология бөлімшесінен – 389 науқасқа азайған.

2025 жылдың қазан айынан бастап ересектерге арналған пульмонологиялық бөлімше толығымен Атырау облыстық фтизиопульмонологиялық орталығына көшірілді. Яғни, қазан айынан бастап пульмонология бөлімшесі ЖРВИ бөлімшесіне қосылды.

Ауданнан келген науқастарға көрсетілген медициналық көмек



Атырау облыстық инфекциялық ауруханасында емделген науқастардың – 1077 науқасы ауданнан келгендерді құрайды. (2024 жылы – 1318 науқас өткен). Олардың ішінде балалар – 705 науқас (62,5%). Жалпы ауруханада емделген науқастардың – 9,2%. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы – 98 науқас өтіп, жансақтау бөлімшесінде ем қабылдаған науқастардың – 21,2% құрап отыр. Летальді жағдай – 12 жағдай, қайтыс болған науқастардың – 24%. (2024 жылы – 22 жағдай)

Махамбет ауданынан – 230 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 11 науқас. (4,8%) Қайтыс болғаны – 1 науқас.

Исатай ауданынан – 167 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 10 науқас. (6%) Қайтыс болғаны – 1 науқас.

Жылыой ауданынан – 89 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 9 науқас. **(10,1%)** Қайтыс болғаны – 3 науқас.

Құрманғазы ауданынан – 133 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 13 науқас. **(9,8%)** Қайтыс болғаны – 3 науқас.

Қызылқоға ауданынан – 185 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 15 науқас. (8,1%) Қайтыс болғаны – 3 науқас.

Индер ауданынан – 145 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 9 науқас. (6,2%) Қайтыс болғаны – 0 науқас.

Мақат ауданынан – 128 науқас стационарлық ем қабылдады. Олардың ішінде жансақтау бөлімшесі арқылы өткені – 9 науқас. **(7%)** Қайтыс болғаны – 1 науқас.

БАЛАЛАР ЖАНСАҚТАУ БӨЛІМІ

Бөлімшеден жалпы өткен балалар саны



Емделіп шыққан балалар саны



Шетінеген балалар саны



Балалардың орташа болу ұзақтығы.



1 жасқа дейінгі балалар – 29,8%
1-5 жас арасы балалар – 48,9%
6-17 жас арасы балалар – 21,3%


Жансақтау бөлімшесінен өткен балалардың жас ерекшеліктері бойынша

1 жасқа дейін; 70

1-5 жас; 115

6-17 жас; 50

Шетінеген балаларда кездескен негізгі және фондық аурулар.



Негізгі аурулары (қорытынды д/з) бойынша

- Пневмония – 4 – 40%
- Сепсис – 4 – 40%
- Бактериальді инфекция – 1 – 10%
- ОНМК – 1 – 10%

Қосалқы (фондық) аурулары бойынша

- Преморбидті фондық аурулар (анемия) – 6 – 60%
- Жүйке жүйесінің бұзылыстары (ДЦП, Дауна, эпилепсия) – 4 – 40%
- Ақуыз-энергетикалық тапшылық (БЭН) – 4 – 40%
- Иммунотапшылық жағдайы (ИДС) – 3 – 30%
- Жүректің туа біткен ақаулары – 3 – 30%
- TORCH инфекция (ЦМВИ) – 1 – 10%

№	Көрсеткіш атауы	2024 жыл	2025 жыл
1	Жансақтау бөлімшесі арқылы өткен балалардың жалпы саны	263	235
2	Оның ішінде санавиация арқылы	16	12
3	Шетінеген балалар	23	10
4	Тікелей жансақтау бөліміне түскені	14	5
5	24 сағат ішінде жансақтауға түскені	5	1
6	1-3 күн арасында жансақтауға түскені	4	4
7	Оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар	15	4
8	1-5 жас арасындағы балалар	5	2
9	6-17 жас арасындағы балалар	3	4
10	Тәулік ішінде шетінеген балалар	4	2
11	Ауданға қарасты шетінеген балалар	9 – 39%	4-40%
12	Аурухана бойынша балалар арасындағы летальдік көрсеткіш.	0,23%	0,10%

ЕРЕСЕКТЕР ЖАНСАҚТАУ БӨЛІМІ

Бөлімшеден жалпы өткен науқас саны



Емделіп шыққан науқастар саны



Қайтыс болған науқас саны



Науқастардың орташа болу ұзақтығы.



18-59 жас арасы – 37,8%
60-69 жас арасы – 33,3%
70 жастан жоғары – 28,9%

Қайтыс болғандардың жас ерекшеліктері бойынша

18-59 жас арасында; 43

60-69 жас арасында ; 38

70 жастан жоғары ; 33


Қайтыс болған ересектерде кездескен негізгі және фондық аурулар.

Негізгі аурулары (қорытынды д/з) бойынша

- Пневмония – 30 – 75%
- ХОБЛ – 4 – 10%
- Сепсис – 6 – 10%

Қосалқы (фондық) аурулары бойынша


- Жүрек тамыр жүйесінің созылмалы аурулары (АГ, ИБС, ХСН, ССП) – 33 – 82,5%
- Бүйректің созылмалы ауруы (ХБП) – 5 – 12,5%
- Қант диабеті – 12 – 30%
- Бауыр циррозы – 4 – 10%
- Дюшен миодистрофиясы – 1 – 10%



№	Көрсеткіш атауы	2024 жыл	2025 жыл
1	Жансақтау бөлімшесі арқылы өткен ересектердің жалпы саны	200	114
2	Оның ішінде жүкті әйелдер	19	17
3	Летальді жағдай	67	40
4	Оның ішінде 18-59 жас арасы	26	13
5	60-69 жас арасындағылар	18	16
6	70 жастан жоғарылар	23	11
7	Тәулік ішінде қайтыс болғандар	14	7
8	Ауданға қарасты қайтыс болғандар үлесі	12	8
8	Аурухана бойынша ересектер арасындағы летальдік көрсеткіш	1,56%	1,05%

2024 жыл

2025 жыл




Герпес инфекция

Көкжөтел

Стрептококкты инфекция

Қызылша




Стафилакоккты инфекция




Энтеровирусты инфекция



Бруцеллез



Салмонеллез




Шигеллез


Вирусты гепатит В

Вирусты гепатит А


Вирусты гепатит С




Скарлатина



ЦМВИ



Желшешек



Менингит Менигокк

Инфекциялық аурулардың көрсеткіші.

Науқастардың медициналық көмек сапасы бойынша өтініштері, шағымдары және жүгінулері



Әлеуметтік
медициналық
сақтандыру қоры

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
11	4
шағым	шағым



e Otinish
платформасы
арқылы

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
7	24
өтініш	өтініш




МФБК Атырау
облысы бойынша
департаментінен

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
0	2
шағым	шағым



1309, телеграмм
каналдары арқылы

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
129	108
жүгіну	жүгіну



Аурухананың Call
орталығы арқылы

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
810	845
жүгіну	жүгіну




МИС Дамумед
бағдарламасы
арқылы

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
283	384
пікір	пікір

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры

ӘМСҚ арқылы шағымдардың салыстырмалы динамикасы



№1. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының пациенттерді қолдау платформасына 2025 жылы – 4 шағым түскен. Олар сәуір, қазан, қараша, желтоқсан айларында түскен. Шағымдардың барлығы қор мамандары тарапынан негізсіз деп танылды. 2024 жылы – 11 шағым түскен. Алдыңғы жылмен салыстырғанда – 7 шағымға, яғни 63,6% азаю байқалды.

e Otinish платформасы арқылы

№2. e – Otinish платформасы арқылы – 2025 жылы науқастар тарапынан 24 түскен. Олардың ішінен талдау нәтижесінде 2 жағдай бойынша тәртіптік шара қолданылған. Өтініштер бойынша қабылдау, уақытылы түсіндіру және ресми жауап беру жұмыстары жүргізілді. Барлық өтініш қанағаттандырылды, өтініштердің кері түсуі және сотқа жолданғаны болған жоқ.

Азаматша С.Д – 3 негізсіз өтініш түскен, 1 өтініш деп есепке алынды;

Қабылдау бөлімінен стационарлық емге көрсетілім болмаған науқастардан – 9 өтініш түскен;

Қызметкерлердің этикасы бойынша – 3 өтініш;

Медициналық құжаттар бойынша – 2 өтініш;

Медициналық көмек көрсетулер бойынша – 9 өтініш түскен.


e Otinish өтініштердің салыстырмалы динамикасы



e Otinish өтініштердің негізгі мазмұны бойынша



1309 бірыңғай байланыс орталығы және телеграмм арқылы



1309 Атырау облыстық бірыңғай байланыс орталығы және телеграмм чаттары арқылы – 2025 жылы жалпы саны – 108 жүгіну болған. (2024 жылы – 129 жүгіну). Жүгінулердің басым көпшілігі жедел респираторлы вирусты инфекциялармен аурашаңдық жоғарылаған кезде түскен.

Түскен шағымдардың негізгі мазмұны бойынша:



1. Медициналық көмек және қызметкерлердің қатынасы мен кәсіби біліктілігіне қатысты – 35 жүгіну (32,3%) (емді кешіктіру, кәсіби шеберсіздік, балаға жеткілікті көңіл бөлмеу, ауру анықталмауы, нақты ем бермеу)
2. Ақпараттардың толық берілмеуіне қатысты – 7 жүгіну (6,5%) (бала күтіміне байланысты, жұмыс регламенті, науқастың жағдайы туралы толық ақпарат т.б)
3. Қызметкерлердің этикасы туралы – 6 жүгіну (5,6%)
4. Палата, санитарлық жағдай, орынның жетіспеуі – 13 жүгіну (12,0%) (палата жағдайына шағым, санитарлық норма бұзылуы)
5. Қабылдау бөліміне қатысты кезек, ауруханаға жатқызудан бас тарту – 18 жүгіну (16,7%) (ауруханада кезек мәселесі, ересектерді амбулаторлы емге жолдау)
6. Өзге де сұрақтар бойынша – 29 жүгіну (26,9%) (дамумедке выписка, анализдердің түспеуі, еңбекке жарамсыздық парағы туралы, коммуналдық жағдайлар, ақылы қызметтер туралы және де өзге де сұрақтар)


Барлық жүгінулер бойынша уақытылы қабылдау, түсіндіру және ресми жауап беру жұмыстары жүргізілді.

Тексерістер мен қабылдаулар.



МФБК Атырау облысы бойынша департаменті

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
0	2




Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті тарапынан 2025 жылы – 2 науқасқа тексеріс жүргізіліп, екеуі де ішінара негізді деп танылды. Аталған тексеріс қорытындысы 10.04.2025 жылы №11 АКТ-пен (науқас Ә.О туралы) және 17.04.2025 жылы №12 АКТ-пен (науқас И.Н) берілді. Бұл екі жағдайда 2024 жылы аурухана бөлімшесінде орын алған жағдайлар бойынша талданды. 2024 жылы Департамент тарапынан тексеріс болған жоқ.

Атырау облыстық ДСБ басшысының жеке қабылдауы



2025 ж - 7

Тұрғындардың мәселелерімен Атырау облысы Денсаулық сақтау басқарма басшысының жеке қабылдауында ауруханаға қатысты – 7 қабылдау болған. Оның ішінде 1 тұрғын – жалпы қалалық медициналық ұйымдарға наразылық білдірген, 2 – баласының денсаулығы бойынша жүгінген, 1 – баласын бейінді облыстық балалар ауруханасына ауыстыруды сұраған, 2 – баласын Астана қаласына ауыстыруды сұраған, 1 науқас – дәрігердің баласын қараудан бас тартқаны жөнінде қабылдауда болған.



Аурухананың Call орталығына

<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
810	845



МИС Дамумед бағдарламасы арқылы


<u>2024 ж.</u>	<u>2025 ж.</u>
283	384



ЖИ QR Informer арқылы

<u>Пікір</u>	<u>Қызмет</u>
182	2526

Сапасыз толтырылған медициналық құжаттар үшін айыппұлдар.



Стационарлық ұйымдар үшін бағалау индикаторлары.

№	Индикаторлардың атауы	2024 ж	2025 ж	Шекті мәні
1	Жоспарлы емдеуге жатқызу кезіндегі қайтыс-болу жағдайлары	0	0	Индикаторлардың мәнін нөлге жеткізу
2	Стационардағы тәулікке жетпейтін қайтыс-болу көрсеткіштері	0,13%	0,07%	Индикаторлардың мәні 4 %-дан аспайды
6	Ана өлімі жағдайларының саны, соның ішінде: акушерлік қан кетуден, гестоздардан, аборттардан, экстрагениталды патология	0	0	Алдын алуға болатын себептер бойынша индикаторлардың мәнін нөлге жеткізу
9	Емдеуге жатқызудан бас тартқаннан кейін жүкті әйелдердің тәулік ішінде стационарға түсу көрсеткіші	0,04%	0,04%	Индикаторлардың мәнін нөлге жеткізу
10	Нәрестелердің өлім жағдайларының саны	23	10	алдыңғымен салыстырғанда 5 %-ға азаюы
16	Бір ай ішінде бір ауру бойынша қайта түсу көрсеткіші	0,03%	0,02%	Индикаторлардың мәнін нөлге жеткізу
17	Клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың айырмашылық жағдайларының саны	0	0	Индикаторлардың мәні нөлге жеткізу
18	Көрсетілген медициналық қызмет сапасына негізделген шағымдардың көрсеткіші	0	0,1%	Индикаторлардың мәні 1,0-ден аспайды
19	Эпидемиологиялық тексерулер жүргізілген ауруханаішілік инфекциялар көрсеткіші	100%	100%	Индикаторды 100%-ға жеткізу

Қорытынды.

- Аурухана бойынша **аса қауіпті жұқпалы аурулар** бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. 2025 жылы түйнеме, құтыру аурулары тіркелген жоқ. Дегенмен бруцеллезбен сырқаттанған науқастар саны 2025 жылы артқаны байқалды. 2025 жылы – 19 науқас емделсе (оның ішінде жедел түрі – 7, созылмалы түрі – 12), 2024 жылы - 6 науқас ем қабылдаған.
- **Ауа –тамшылы инфекциялар** бойынша: өткен жылмен салыстырғанда көкжөтел, қызылша ауруы едәуір азайды. Бірақ 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап қызылша ауруы қайта көтеріліп, аурухана бойынша 293 қызылшаның расталған жағдайымен науқастар емделіп шықты.
- Жылдағыдай маусымдық ЖРВИ маусымының көтерілуі қазан айынан басталды. Осы эпидемиологиялық маусымда негізінен тұмау АН3N5 - 76 жағдайы тіркеліп отыр. Сонымен қатар парагрипп, риновирусты инфекция, аденовирусты, боковирусты инфекциялар да тіркелді. ЖРВИ-дың негізгі асқынуы – пневмонияның балалар арасында азаю тенденциясы байқалды. 2025 жылы барлығы 3165, оның 2462-і балалар арасында, 2024 жылы -3603 жағдай, 2991 жағдай балалар арасында тіркелді.
- **Жедел ішек инфекциясы бойынша:** Шигеллез, вирусты ішек инфекциясы 1,2 есеге арту тенденциясы бар, басқа бактериальды ЖИ анықталуы сол деңгейде, тағамдық токсикоулану жағдайы тіркелген жоқ.
- **Вирусты гепатиттер бойынша** - 2025 жылы вирусты гепатит А - 2 есеге азайды, негізінен вакцина алмаған балалар мен ересектер арасында кездесіп отыр. Бірақ, вирусты гепатит В 2024 жылы – 5 науқас емделсе, 2025 жылы – 9 науқас емделген.

Балалар арасындағы өлім жітім көрсеткіші алдыңғы жылға қарағанда 13 жағдайға, яғни 2 есеге азайды. Аурухана бойынша балалар арасындағы өлім жітім көрсеткіші 2024 жылы 0,23% құраса, 2025 жылы 0,1% құрап отыр. Жағдайы ауыр, жансақтау бөлімшесінде ем қабылдаған балалардағы жедел бүйрек жетіспеушілігін емдеу үшін 2025 жылы 8 балаға Призмафлекс аппаратымен гемодиализация жүргізіліп, 6 жағдайда сәтті аяқталды, 2024 жылы 14 жағдайда ГДФ жүргізіліп, оның 8-і сәтті аяқталды.

Жалпы инфекциялық аурулармен аурушаңдық алдыңғы жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріс жоқ. Жіті ішек инфекциялар бөлімшесінен емделген науқастар саны азайғанымен, жедел респираторлы вирусты инфекцияларға арналған бөлімшеде емделген науқастар саны артқан. Инфекциялық науқастарға медициналық көмек үздіксіз және уақтылы көрсетілуде. Аурухана қызметінің материалдық-техникалық және кадрлық дайындығы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Эпидемиологиялық жағдай тұрақты бақылауда ұсталып, қосымша алдын алу және қарсы іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде.

Қорытынды.

ШЖҚ КМК «Атырау облыстық инфекциялық ауруханасы» - өзінің қызмет сапасын арттырып, жұқпалы ауруларды ерте анықтау, тиімді емдеу және алдын алу бойынша жоғары деңгейлі медициналық көмек көрсету арқылы қоғам денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуді мақсат етеді.



Сапалы медициналық көмек көрсету.

Пациенттерге заманауи, қауіпсіз және тиімді ем-шараларды қамтамасыз ету.



Жұқпалы ауруларды ерте анықтау және алдын алу

Инфекцияларды жылдам анықтау және диагностиканы дамыту.



Аурухананы қажетті кадрлармен толықтыру.

Ауруханадағы кадр тапшылығын жою



Пациенттер арасында шағымдарды төмендету

Пациенттердің сипаттамасы бойынша қанағаттанушылық деңгейін жоғарылату.



Аурухана ішілік инфекцияларды болдырмау.

Ауру кезінде және қосымша екіншілік инфекциялардың пайда болу қаупін азайту



Аурухана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру

Қызметкерлердің кәсіби деңгейін үздіксіз оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Назарларыңызға рахмет!

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

АҚПАН 2025 ЖЫЛ